



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ
06.12.2023 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті оныншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті оныншы сессиясы 2023 жылғы 20 желтоқсан, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихат төрағасының м.у.а. Г.Есмұратова

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті оныншы сессиясы 2023 жылғы 20 желтоқсан, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 20 желтоқсан, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2023 жылғы 20 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

- 1.2024-2026 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы.
 - 2.Сайлаушылар мен депутаттардың айтқан ұсыныс пікірлері мен сын-ескертпелерінің орындалу барысы туралы.
 - 3.Аудандық мәслихаттың «Бюджет және экономикалық даму жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.
 - 4.Аудандық мәслихаттың «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.
 - 5.Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.
 - 6.Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.
 - 7.2024 жылға арналған аудандық мәслихаттың және оның аппаратының қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындардың сметасы туралы.
 - 8.Созақ ауданының «Құрметті азаматы» атағын беру туралы.
- Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихат төрағасының м.у.а. Г.Есмұратова

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады. Кездесу барысында Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы және әскердің жауынгерлік дайындығына



Президент Қорғаныс министрін қабылдады

қатысты жаңа тәсілдер, оқу базасы мен полигондардың жай-күйі туралы баяндалды.

Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау мәселесіне, ұшқышсыз ұшатын

ұшақ көшендерін, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағын, жаңғыртылған бронды техника мен байланыс құралдарын қоса алғанда, авиациялық техниканың жаңа

үлгілерімен қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру барысы, әскери қызметшілердің мәртебесі мен оларға берілетін ақшалай

қаражатты арттыруға бағытталған шаралар туралы мәлімет берді. Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ аясында жүзеге асырылатын миссияларға қатысу үшін елдегі бітімгерлік контингенттің әлеуетін арттыру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы министрге отандық қорғаныс бағытындағы кәсіпорындармен ықпалдастық жасау,

аумақтық қорғанысты және Арнайы операцияларға қатысатын күштерді дамыту, әскери-патриоттық жұмысты күшейту жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Еңбек мақсатындағы көші-қон жайы

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Корея Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Тэ-ик Чжомен кездесті. Тараптар екі ел арасындағы еңбек ету мақсатындағы көші-қон мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында вице-премьер Қазақстан еңбек мигранттарын қабылдаушы тарап екенін атап өтті. Қазір мемлекетімізде 14 елдің азаматтары жұмыс істеп жатыр. Елімізде арнайы рұқсат қағазы арқылы еңбек етуге білікті кадрлар тартылуда. Республикада олардың қызметін реттейтін тиісті заң қабылданды.

«Сондай-ақ біздің отандастарымыз да алыс-жақын шетелде жұмыс істеп жүр. Қазірде қазақстандықтар еңбек етіп жатқан бірқатар мемлекетпен, оның ішінде Корея Республикасымен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Біз шетелде жұмыс істеп жүрген азаматтарымызды қорғауға мүдделіміз», – деді Тамара Дүйсенова.

Өз кезегінде Тэ-ик Чжо әлемнің 16

елінде Оңтүстік Кореяда жұмысқа орналасуға рұқсат беру жүйесі (EPS) бойынша оқыту орталықтары жұмыс істейтінін атап өтті. Ондағы мамандар тіл, салалық дағдылар, заңнаманы үйретеді.

Сонымен қатар вице-премьер біліктілігі жоғары мамандарды даярлауда тәжірибе алмасу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.




Жұмыс келесі жылы жалғасады

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген жерлерді қайтару жөніндегі комиссияның кезекті отырысында жұмыстың алдын ала қорытындысы шығарылды.

Мәселен, 12,7 млн га проблемалы жерлер бойынша нақты шешімдер қабылданды: 2022 жылдың басынан бері 9,5 млн га мемлекет меншігіне қайтарылды, жер пайдаланушылар 3,2 млн га жерді игеруге кірісті.

Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелері жер пайдаланушыларға қатысты (жалпы алаңы 2,1 млн. га) жоспардан тыс 1 174 тексеру жүргізді. Нәтижесінде жер



заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы 1,45 млн га алаңға 852 ұйғарым шығарылды, сот органдарының қарауында 553,3 мың га алаңда 209 материал бар.

Сондай-ақ 2022 жылдың басынан бері 836,5 мың га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру бойынша әкімдіктердің 566 заңсыз шешімі анықталды.

Оның ішінде 153 шешімнің күші жойылса, қалған 413 шешімнің күшін жою бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Комиссия отырысында отырысында жерді қайтару көлемі жоспарланғаннан айтарлықтай төмен өңірлер тыңдалды. Бұл бағыттағы жұмысты күшейту тапсырылды.

«Мемлекет басшысы 2023 жылдың соңына дейін жалпы ауданы 10 млн гектарды құрайтын заң бұзушылықтармен берілген немесе пайдаланылмай жатқан жерлер бойынша нақты шешім-

дер қабылдау міндетін қойды. Президенттің тапсырмасы орындалуда, оның 9,5 млн гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар жер пайдаланушылар қосымша 3,2 млн гектарды айналымға енгізуге мәжбүр болды–қазір барлығы 12,7 млн гектар жер пайдалануда. Алдыңғы қатарлы өңірлер есебінен нәтижеге қол жеткізілді, алайда белгіленген көрсеткіштерден 30%-дан 50%-ға дейін артта қалған аймақтар бар. Жұмысты келесі жылы да жалғастырамыз, бірақ біз жерді игеруге баса назар аударамыз. Ол үшін қажетті критерийлер әзірленетін болады», деп тұйіндеді сөзін С.Жұманғарин.

«Созақ үні»-ақпарат.

СЕМНАР-КЕҢЕС ӨТТІ



Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Үкіметтік емес ұйымдар – қоғам ұйытқысы» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Жиынға аудан әкімінің міндетін атқарушы Ақәділ Сатыбалды арнайы қатысып, жиынды жүргізіп отырды.

Қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен өткен жиында аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов хабарлама жасап, қазіргі таңда қоғамдық ұйымдардың рөліне тоқталып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобалары жөнінде жыл бойы атқарылған жұмыстарды баяндады. Бірнеше жылдан бері белсенді жұмыс істеп жүрген «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Жандар Бекбергелұлы өзінің тәжірибесімен бөлісті. Сұрақтарға жауап берді. Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша қоғамдық бірлестік төрағалары сауалдарын жолдап, ұтымды ұсыныстарын ортаға салды.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ақәділ Болатұлы бүгінгі ұйымдастырылған семинардың негізгі мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін арттырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларына қатысуға ынталандыру екендігін атап өтті.

- Азаматтық қоғамның дамуы мен қоғамдық ұйымдардың белсенділігін арттыру мәселелері әр кез күн тәртібінен түспек емес. Бүгінде мемлекет тарапынан үкіметтік емес ұйымдарға

қамқорлық та ерекше. Жыл сайын гранттар мен әлеуметтік тапсырыс жобаларына тиісінше қаржы бөлініп келеді. Сондай-ақ халықаралық ұйымдардың да гранттары бар. Қазіргі таңда ауданымызда 21 қоғамдық бірлестік пен 2 қоғамдық бірлестік филиалы тіркелген. Әрбір ұйымның өзіндік бағыттарына сай атқарып жатқан жұмыстары бар. Бірқатар қоғамдық ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс конкурстарына қатысып келеді,-деді.

Жиын соңында ауданымызда азаматтық қоғамды дамытуға атсалысып жүрген «Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық кәсіптік бірлестік» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мыңжасар Асқаров, «Демеу» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бақыт Тұрсынқызы, Түркістан облысының «Асар» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Созақ ауданындағы филиалының төрағасы Біржан Саржанов, «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жандар Бекбергелұлына арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табысталды.



АУДАН БАСШЫСЫ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫТАЙДА ІССАПАРМЕН ЖҮР

Бүгінде елімізде іске асып жатқан бағдарламалардың басым бөлігі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқатын арттыру басты мақсат екендігін атап өтті.

Осы мақсатта, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аудан, қала әкімдеріне инвестиция тарту арқылы жаңа жұмыс орындарын құру бағытында нақты тапсырмалар жүктөді. Берілген тапсырма аясында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бастаған делегация Қытай Халық Республикасында арнайы іссапармен жүр. Сапардың негізгі мақсаты - экономикалық даму бойынша халықаралық тәжірибе жинақтап, жаңа технологияларды игеру.

Делегация құрамында аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және бірқатар бөлім басшылары мен аудан кәсіпкерлері бар.

Сапар аясында аудан делегациясы Хэнан провинциясындағы China Gezhouba Group Overseas Company

Co., Ltd деп аталатын қабырғаларды оқшаулауға арналған көбік шығаратын зауытқа барды. Зауыттың тарихымен және онда өндіріліп жатқан өнімнің жетістіктерімен жан-жақты танысты. Бүгінгі нарықта жылу оқшаулау үшін аса сұранысқа ие материалды дайындайтын зауыт қызметкерлерімен тілдесіп, өнім көлемі мен тиімділігін назарға алды.

Айта кеткен жөн, делегациясының іссапары 10 желтоқсанға дейін жалғасады. Аудан басшысы ертеңгі жұмыс күнінде Чженчжоу қаласындағы бірқатар зауыт-фабрикаларды аралап, бизнес өкілдерімен кездесуді жоспарлауда. Сондай-ақ арнайы барған аудан кәсіпкерлері алдағы уақытта аудан аумағынан ашуға мүмкіндік беретін фабрикалардың құрылымымен танысып, тәжірибе алмасатын болады.

Бүгінде Чжэнчжоу халқы 10 120 000 тұрғынды құрайды. Қала Қытайдың ұлттық көлік желісінің ірі торабы болып табылады. Теміржолдар Чжэнчжоуды Еуропамен және халықаралық әуежаймен байланыстырады.

ТҮНГІ РЕЙД

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен рейд жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты ауыл жастары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің болмауын, жастардың зиянды әдеттерден аулақ болуын қадағалау.

Ауыл дүкендерінде кәмелетке толмаған жастарға спирттік ішімдік, темекі тағы басқа зиянды заттардың сатылмауын қадағалап, дүкен иелеріне де ескертілді.



ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СЕМНАР



Республикамыздағы жалпы орта мектеп оқушыларына арналған «ҒЫЛЫМИ САУАТТЫ АРТТЫРУ» жобасы аудан аумағындағы мектептерде жалғасып, арнаулы семинарлар ауыл мектептерінің оқушыларына арналып отыр.

NATIONAL GEOGRAPHIC-тің 4 тренері екі күн бойы Созақ ауданындағы 32 мектепте семинарлар өткізді. Олар оқушыларға әлемдік деңгейдегі ғылыми-танымдық материалдарды, соның ішінде 135 жылдық тарихы бар, география, жаратылыстану ғылымдарынан бастап, ғарышты игеруге дейінгі са-

лаларда көпжылдық халықаралық ғылыми-зерттеулер мен фото-бейне деректердің бай қорын қалыптастырған NATIONAL GEOGRAPHIC журналының ресурстарын мектепшілік, тақырыптық ғылыми жобаларға пайдалану әдістерін таныстырды.

Жобаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп» бастамасына орай «КАТКО» бірлескен компаниясы қолдау көрсетті.

Жобаның негізгі мақсаты – әлемдік деңгейдегі сапалы ғылыми контенттердің қазақ тіліндегі қолжетімділігін кең-

ейту, қоғамда ғылымға деген қызығушылықты, ынта-ықыласы арттыру. Соған орай оқушылардың ғылымға, зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтары мен ынта-ықыласын оятамын, ғылыми сауатын арттыратын қызықты деректер мен айғақтардан мысалдар келтіріліп, ғылыми жоба әзірлеу әдістері көрсетілді.

Семинар өткізген тренерлер қоршаған ортаны қорғау мен іргелі ғылым салаларындағы соңғы әлемдік зерттеулердің көрнекі нәтижелерін бөлісіп, оқушылардың практикалық дағдыларын ұштауға ден қойды.

Оқушылар қосымша ұсынылған материалдарды түсіну, талдау, тапсырманы игеру дағдыларын қолданып, өздерінің ғылыми жобаларын әзірлеу мүмкіндіктерін сынап көрді.

Сондай-ақ осы іс-шара қорытындысы бойынша оқушылар арасында ұйымдастырылған шағын ғылыми жобалар конкурсының жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Созақ үні»-ақпарат.



"BEST STARTUP"

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Созақ ауданында «BEST STARTUP» жобасы бойынша жастарды кәсіпкерлікке ынталандыруға бағытталған семинар-тренинг өтті. Семинарға Атамекен палатасының менеджері Арысбек Ақнұр қатысты.

Семинар барысында аудан жастарына мемлекеттен жастарға қарастырылған мүмкіндіктер туралы айтылды. Атап айтсақ, қайтарымсыз кәсіп бастауға арналған грант, жеңілдетілген жастарға берілетін несие, инновациялық грант бағдарламасы бойынша түсіндірілді.


Семинар барысында аудан жастары өз сұрақтарына жауап алды. Кері байланыс арқылы семинар-тренинг түйінделіп, өз деңгейінде өтті. Семинар соңында қатысқан жастарға «Best startup» кәсіптік оқытуды растайтын Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Е.Бектаевтан сертификат берілді.

Қазатомөнеркәсіп IPO-ның бес жылдығын атап өтті

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Лондон қор биржасында және Astana International Exchange биржасында акцияларын бастапқы жария орналастырудың (IPO) бес жылдығын атап өтті.

Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде акциялары жергілікті және халықаралық капитал нарықтарына ұсынылған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның алғашқы портфельдік компаниясы болды. Қазатомөнеркәсіптің IPO-сы нәтижелерін жаһандық инвестициялық қоғамдастық оң қабылдады.

«Біздің IPO компанияның және ұлттық экономиканың даму тарихындағы маңызды кезең болды, бұл Қазақстанның капитал нарықтарына қатысуы өсіп келе жатқанын аңғартады. 2018 жылғы қарашадағы сәтті IPO-дан кейін Қазатомөнеркәсіп тұрақты өсуге, нарықтық тәртіпке және өндірістік тиімділікке бейімділігін дәлелдеп қана қоймай, әлемдік уран саласындағы озық позицияларын нығайтты. Жеке өзіміздің және компания атынан біздің қызметкерлерге, серіктестерге, акционерлерге және бүкіл Қазақстан халқына тұрақты қолдауы үшін айрықша алғысымды білдіремін. Ортақ күш-жігеріміздің арқасында Қазатомөнеркәсіп саланың көшбасшысы ретінде өркендеуін жалғастыра береміз», - деді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов.



Компания үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес ішкі және сыртқы процестерді жүзеге асыра отырып, листингтің жоғары талаптарына сәйкес келеді, инвесторлармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және корпоративтік басқару мен ашықтық деңгейін жетілдіреді. IPO-ға шыққан сәттен бастап Қазатомөнеркәсіптің акциялары мен ғаламдық депозитарлық қолхаттары (ФДҚ) олардың бағасы мен дивидендтер төлемдерінің өсуі есебінен айтарлықтай табыстылықты көрсетті.

«AIX биржасының тарихы 2018 жылы Қазатомөнеркәсіптің IPO-сынан басталды. Листинг сәтінен бастап өткен бес жыл ішінде компанияның жай акцияларының бағасы төрт есеге өсті және AIX алаңындағы мәмілелер саны мен сауда көлемі бойынша тұрақты түрде бірінші орынды иеленді», - деді Astana International Exchange биржасының басқарма төрағасы Әсел Мұқажанова.

Атаулы оқиғаға байланысты Қазатомөнеркәсіп компанияның жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар әлемдік энергетикалық теңгерімдегі атом энергетикасының маңызды рөлін атап көрсетеді. Әлем нәлдік шығарындылары бар энергетикаға ұмтылған сайын, атом энергетикасын төмен көміртекті энергияның экологиялық таза көзі ретінде тану бұрынғыдан да маңызды болып келеді. Бүкіл әлем бойынша таза, тұрақты және сенімді атом энергетикасын шикізатпен қамтамасыз етіп отырған Қазатомөнеркәсіп осы өткелдің дәл орталығында орналасқан. Компания экологиялық таза және тұрақты болашаққа көшудің негізгі ойыншысы болуды мақтан тұтады.

Болашаққа көз жүгіртсек, Қазатомөнеркәсіп таза және сенімді атом энергиясына өскелең әлемдік сұранысты қанағаттандыру үшін қажетті ресурстарға ие екенін атап өткен маңызды. ESG мәселелеріне, инновацияларға және тұрақты дамуға баса назар аударатын компания алдағы бес жыл ішінде және одан кейін де өсуге ықпал ететін жаңа жобалар мен технологиялардың әлеуетін тұрақты түрде зерттейтін болады.

«Қазатомөнеркәсіптің тарихы 2018 жылы Қазатомөнеркәсіптің IPO-сынан басталды. Листинг сәтінен бастап өткен бес жыл ішінде компанияның жай акцияларының бағасы төрт есеге өсті және AIX алаңындағы мәмілелер саны мен сауда көлемі бойынша тұрақты түрде бірінші орынды иеленді», - деді Astana International Exchange биржасының басқарма төрағасы Әсел Мұқажанова.

Нұржамал МАЙУСОВА.



САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

2023 жылдың 30 қараша күні №2 Теріскей сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған халық қалаулысы, Отыншиева Рабиға Шамақызы өз округі сайлаушыларымен кездесіп, олардың талап-тілектері мен ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Халықпен кездесу жиыны сағат 11:00 де аудан орталығы Шолаққорған ауылы А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің мәжіліс залында өтті.

Кездесуге сайлау округіне қарасты тұрғындар, зейнеткерлер, мектеп мұғалімдері мен жұмысшылары жиналды. Олардың алдында халық қалаулысы аудандық мәслихаттың атқарған жұмыстары жайлы жан-жақты баяндап берді. Кездесу жиының округ әкімі Елібаев Әділ Кемалұлы кіріспе сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды. Депутат Р.Отыншиеваның хабарламасынан кейін,

оған бірқатар сұрақтар қойып, жауаптар алды. Негізгі мәселелерді атап айтар болсақ: Теріскей өңірінде балабақшаға баратын бала санының көптігіне орай балабақша қажеттігі туындауда, мектеп оқушыларының жазғы демалыс мезгілінде демалыс орны қажеттігі айтылса, С.Мұханов 2 көшесіне асфальт төсеу, Ү.Тастанов көшесіне аяқ жол және балалар ойын алаңы, М.Төлебаев, Т.Тоқбергенов, Ү.Тастанов, С.Мұханов, Ә.Оспанов көшелерін жарықтандыра деген сұрақтар қойылып, депутат Рабиға Шамақызы сайлаушылар айтқан мәселелерді тиісті орындардың алдына қойып, шешілуін бақылауда ұстайтындығын жеткізді.

Созақ аудандық мәслихаты.

АҚЫН ҚЫЗҒА АЙРЫҚША ҚҰРМЕТ



Созақ аудандық орталық кітапханасымен Абай ауылдық кітапханасының бірлесіп ұйымдастыруымен қасиетті Қаратаудың қаламгер қызы, ұлағатты ұстаз, ақын Раушан Оспанованың шығармашылығына арналған «Ана ғұмыр» кітабының тұсаукесер кеші өткізілді.

Кешке Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Фани Пәрдебекұлы, «Созақ үні» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі Сәрсенбек Теңізбаев, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Олжас Төлепбергенов, аудандық ардагерлер үйінің әжелер кеңесінің төрайымы Мәруа Қайыржанова, Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп-интернат лицейінің директоры оқу жөніндегі орынбасары Рахат Сағындықов және кітапханашылары, мұғалімдері, ауыл қариялары, әжелері ақынның жырлары өз оқырманын ойшылдығымен сыршылдығымен тұнықтығымен баурайтындығын әсерлі әңгімелеп жеткізсе, «Ана ғұмыр» кітабының әңгімелеріне арқау болған ауыл аналары, бауырлары естеліктерімен бөлісті.

Созақ аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы Б.Бекмуртова ақынның «Ана ғұмыр» кітабы Шымкент қаласында «Жебе» баспасында басылған. Тәрбиелік мәні зор алғы

бас редакторы, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі Сәрсенбек Теңізбаев, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Олжас Төлепбергенов, аудандық ардагерлер үйінің әжелер кеңесінің төрайымы Мәруа Қайыржанова, Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп-интернат лицейінің директоры оқу жөніндегі орынбасары Рахат Сағындықов және кітапханашылары, мұғалімдері, ауыл қариялары, әжелері ақынның жырлары өз оқырманын ойшылдығымен сыршылдығымен тұнықтығымен баурайтындығын әсерлі әңгімелеп жеткізсе, «Ана ғұмыр» кітабының әңгімелеріне арқау болған ауыл аналары, бауырлары естеліктерімен бөлісті.

Созақ аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы Б.Бекмуртова ақынның «Ана ғұмыр» кітабы Шымкент қаласында «Жебе» баспасында басылған. Тәрбиелік мәні зор алғы

сөз бен ақынға деген құрметті Абайтанушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің директоры Жабал Шойынбет жазғанын айта келе, кітаптың бірінші бөлімінде - өз анасының өнегелі істері және ауыл аналарының қарапайымдылығын, төзімділігін, шыншылдығын, ауызбіршілігі жайлы толғанса, екінші бөлімде ана деген сағынышын өлеңмен өрнектеген, сонымен қатар туған жерге, елге жырларын арнағанын, ақынның тұщымды туындылары мен шығармаларын бірге оқуға шақырды.

Кеште ұлағатты ұстаз, ақын Раушан Оспанованың жырларын А.Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім ордасының оқушылары патриоттық рухтағы өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, әндер орындап кеш ажарын ашты.

Кеш соңында көпшіліктің құрмет-ықыласына бөленген ақын өз қаламынан туындаған «Ана ғұмыр» кітабының ерекшелігін екішеп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Абай ауылының асыл аналары, кеш қонақтары, бауырлары, орталық кітапхана қызметкерлері ақын қызға деген сый-құрметін білдіріп, иығына шапан жауып ерекше ілтипатқа бөледі.

Б.БЕКМУРТОВА,
Созақ аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімінің басшысы.



«ШамШуғақ» өңірлік өнер фестивалі мәреге жетті

Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының, Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының ұйымдастырумен дарынды зағип және нашар көретін суретшілерді, музыканттарды, жазушыларды және басқа да шығармашыл тұлғаларды қолдауға және ынталандыруға арналған «ШамШуғақ» өңірлік өнер фестивалі өтті.

Байқау қорытындысы бойынша Созақ ауданынан қатысқан Масымбаева Гүлнара Әміре Қашаубаевтың 135 жылдығына арналған «Шабит шеберлері» номинациясының жеңімпазы атанып, I дәрежелі Дипломмен ақшалай сыйлық (50 мың теңге), зағиптарға арналған қазақша нүктелі-бедерлі шрифтінің авторы, тифлопедагог, композитор Ақан Қасымовтың 95 жылдығына орай сенсорлық сезімдерінің көмегімен сезілетін тактильді қол өнер туындыларын жасау кезеңіне қатысқан «Тактильді әлем» номинациясы бойынша

III орынмен ақшалай сыйлық (30 мың теңге) Барлыбаев Аппаз иеленіп, Мырзабекова Тәттігүлге ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Марапат иелерін құттықтаймыз!!!

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз-2024

Газетімізді құрметтегеніміз
өзімізді құрметтегеніміз

Арман тұнған кеудеме жыр егіп ең,
Біргесің сен жаныммен, жүрегіммен.
Рухани нәр алып сенен жанға,
Жүз жасарып, мың рет түледім мен.

Осыдан ширек ғасыр бұрын аудандық «Молшылық үшін» газетіне осылай жыр арнаған екенмін.



Оқушы дәптерінің парағына жазылған тырнақалды өлеңімді де, жарты параққа толмайтын алғашқы мақаламды да оқырманға жария етіп, шығармашылығымда даңғыл жол ашқан осы газет еді. Есейіп, жоғары оқу орнын бітіріп, еңбек жолын бастаған жылдан рухани айрылмас серігіме айналған бұрынғы

«Молшылық үшін», бүгінгі «Созақ үні» газетінен әлі күнге дейін қол үзген емеспін. Мен үшін өз елімнің, жерімнің топырағы, құм-тасы, суы тіпті адамдары қандай ыстық болса, ауданымыздың айнасы іспетті «Созақ үні» («Молшылық үшін») газеті де сондай ыстық, жаныма жақын. Тек мен ғана емес, өз елің, жерің сүйген кез келген Созақтық өз газеті-«Созақ үні» дәл осылай бағалап, құрметтейді деп ойлаймын. Әйтсе де, көңілде бір түйткіл барын жасыра алмаймын. Халқының саны 60 мыңнан асып, түтін саны 12 мыңға жетіп жығылатын ауданымызда биылғы жылы «Созақ үні» газетіне бар-жоғы 3500-дей ғана адам жазылыпты. Мекеме, өндірістер өз алдына, 60 мыңнан асатын тұрғылықты халықтан өз газетін («Созақ үні» газетіне 2023 жылдың 6 айына жазылу құны 2250 теңге болған екен) құрметтейтін, бағалайтын, жанашырлық танытатын 6 мың адамның шықпауы елдігімізге де, азаматтығымызға да сын.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда құлақты елеңдетіп, көңілді селт еткізетін жаңалықтар, өзекті мақалаларды газеттен бұрын әлеуметтік желіден көріп, оқып қойып жатамыз. Өз басым, желіден де оқимын, қолыма тиген күні газеттен де оқып шығамын. (Байқап жүрмін, алдыңғы буындар мен біздің буын телефонға сықсиганнан гөрі кітап, газет, журналдарды оқығанды әлі де болса артық көреді).

Кешеге дейін баспасөзге жазылу кезінде әрбір жан ең алдымен аудандық онан кейін облыстық газетке жазылатын, тіпті соған міндеттелетін және одан жаман болып қалған ешкімді көрмедім. Олай болса, сол бұрынғыдай, бірақ біреудің міндеті мен нұсқауынсыз ел болып, халық болып ауданымыздың айнасы-«Созақ үні» газетіне жазылып көрсек, қайтер еді? Бұл ең алдымен өзімізге деген сонан соң өз газетімізге деген үлкен құрмет-сыйымыз болар еді деп ойлаймын. Бір ауданға бір газет әбден керек және ол беделді газеттердің қатарынан орын алу керек. Ал, оның беделді болуы, болмауы жергілікті тұрғындардың рухани сүйіспеншілігіне байланысты екені даусыз. Сол сияқты, Созақ аудандық «Созақ үні» газетінің де жақсы болмағы не жаман болмағы, құрметтелуі не қадірсіз болуы тек қана Созақтықтардың –мына өзіміздің қолымызда. Ендеше, бүкіл созақтықтар болып түгел жазылып, өз газетіміз-«Созақ үніне» деген рухани сүйіспеншілігімізді көрсетейік!

Байділдә АЙДАРБЕК,
Шолақорған ауылының тұрғыны.
Зейнеткер ұстаз, ақын, сазгер, драматург, жазушы.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Мектеп ауласында оқушылар мұғалімін қаумалап алған. Әрқайсысы көңілдегі сауалдарын қойып, ортадан жіберер емес. Қарлығаның күнделікті жұмыс күні осылай басталады. Шәкірттері ұстаздарын күн сайын асыға қарсы алады. Бұл дегеніңіз мұғалім беделінің оқушылар арасында жоғары екендігін айтпай-ақ танытса керек. Бала жанының бағбаны атанған Қарлыға Мұхатова жайлы әңгіме қозғағанда ең алдымен оның еңбекқорлығын, білімділігін, көпшілдігін, қарапайымдылығын, кең пейілділігін, ізденімпаздығын ерекше атар едік.

Ол мұғалімдер әулетінде өскен. Атасы Мұхат Теріскей еліне есімі танымал азамат-тын. Мұхат көкеміз жайлы кезінде талай мәрте қалам тартқанмын. Ал кейіпкеріміздің әкесі Мұхамедәли ұлағатты



Ұстаздық еткен жалықпас...

ұстаз. Кезінде аудан мектептерінде басшылық қызметтер атқарған. Сегіз қырлы, бір сырлы жан. Әншілігімен уақытында Ескендір Хасанғалиев ағамызды тәнті еткен. Бұл туралы газетте мақала жазып, елге мәшһүр еткенмін. Міне осындай өнегелі отбасында Қарлыға 1983 жылы 10 желтоқсанда Шу ауылында дүниеге келеді. 2000 жылы Қайнар ауылындағы Макаренко атындағы орта мектепті бітірген. Жастайынан ұстаз болуды қалаған ол М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ағылшын-қазақ тілі факультетіне оқуға түседі. Студент кезінің өзінде талантты жас қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, қатарларына үлгі-өнеге көрсетеді. Университет оқытушылары мұның болашағына мол үміт күтіп, келешекте мықты ұстаз шығатынына сенім білдіреді. Талай мәрте студенттер арасында өткізілген білім бәсекелерінде топты жарады. Оқу орнын ойдағыдай тәмамдаған жас маман Шымкент қаласында қызмет атқарады. Кейін Аққолтық ауылының жігіті Бекжан Түйешіұлымен көңіл жарастырып, отау құрады. Педагогтық еңбек жолы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы ор-

та мектебінде басталады. Аталған білім ұясында ағылшын тілі пәнінен дәріс береді. Біліктілігі-педагог-зерттеуші.

Айта кетуіміз керек Қарлығаның қайын атасы Түйеші де кезінде мұғалім болған. Оның өмірлік жары Қаншайым да ардагер ұстаз. Қазір сол ауылдағы мектептегі бір кабинет Түйеші ағайдың есімімен аталады.

Шу ауылындағы білім ұясындағы бір сыныпқа да Мұхат атамның есімі берілген. Ал, аудан орталығындағы Н.Төреқұлов атындағы бір кабинет Мұхамедәли Иманбековтің есімін иеленген. Ұрпақтар сабақтастығы жалғасып келеді дегенге саяды.

Бекжан Түйешіұлы Аққолтық ауылындағы жалпы орта мектептің директоры. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы. Ол басқарып отырған мектеп аудан көлемінде биік белестерден көрініп жүр. Мұғалімдер әулетінің ұстаздық қызметін жалғастырып келе жатқан Бекжан мен Қарлыға 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Думан 9 сыныпта, Балдәурен 6 сыныпта, Әлихан 5 сыныпта, Жігер мектеп-балды дайындық сыныбында оқиды. Барлығы да оқу озаттары.

Балдәурені мықты спортшы.

Мектептің намысын аудан, облыста қорғап жүр. Қол добы спортының хас шебері. Сонымен қатар Думан мен Балдәурен домбырада шебер ойнап, ән салады. Шеттерінен өнерпаз. «Ұстазы жақсының- ұстамы жақсы» деген сөз берер айтылмаса керек. Қарлыға тәлім-тәрбие берген шәкірттерінің алды бұл күндері әр салада жемісті еңбек етіп келеді. Үнемі ұстаздарына келіп, сәлем беріп, мерейтойлармен құттықтап, үзбей хабарласып тұрады. Білім ұясынан түлеткен апайларын мақтаныш етеді.

Уақыт дегеніңіз сынаптай сырғып өтіп жатыр. Күні кеше ғана жоғары оқу орныны бітіріп келген Қарлыға бұл күндері білікті маман, ұлағатты, майталман ұстаздардың қатарында. Қыздың жасы қашанда он сегіз демекші бұл уақытта ол қырық деген белесті бағындырып отыр. Облыстық, аудандық білім басқармаларының бірнеше мәрте марапатын иеленген. Жас мұғалімдерге тәлімгер. Шәкірттерінің жүрегі баураған ұлағатты жан. Ұстаздық жолда шығармашылық биіктерге шыға бер, Қарлыға!

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Бәрекелді!

Биік белестерге бағыт алған

Мектеп қабырғасында жүріп талантты оқушы таныла бастайды. Білім ұясында өткен түрлі шаралар шәкіртті шыңдайды. Оқу мен тәрбиені бала санасына сіңіруде әрине мұғалімнің еңбегі көп. Сол ұстаздарының ықпалымен биік белесті бағындырып, оқуда да, өнерде де мектебінің мақтанышына айналып жүрген шәкірттер Жартытөбе ауылындағы Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектепте көптеп саналады. Солардың бірі-Баян Абайқызы. Ол сабақты үздік оқумен бірге білім ұясындағы қоғамдық жұмыстарға, түрлі мәдени шараларға белсене қатысады. Баянның әкесі Абай өңірімізге танымал асаба. Өнер майталманы. «Созақ серілері» тобының жетекшісі. Өнер өлкесінде өзіндік қолтаңбасы бар азамат. Ал, Баянның атасы Төлеген көке Созақ ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері. Осындай отбасында өсіп, қанаттанған Баян бастауыш



сыныптан бастап-ақ үздік оқушы атанып, ән салып таныла бастады. Талантты жас аудандық, облыстық байқаулардың жүлдегері. Аудан орталығындағы А.Жұбанов атындағы саз мектебінде оқиды. Осы білім ұясының да озат оқушысы. Домбырада шебер ойнайды. Саз мектебінде өтетін өнер кештерінің жүлдызы. Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектепте де оқу озаты. Сы-

нып жетекшісі Сандуғаш Молдабекова оның бойындағы талантының ашылуына көп мүмкіндік жасап жүр. Жақында Баян Абайқызы Көкшетаудың Чуценскі қаласында 20 күн демалып, әрі оқып қайтты. Бұл республика бойынша ұйымдастырылған мәдени-оқу сауықтыру шарасы еді. Оған облыстан 21 оқушы қатысты. Ауданымыздан 10 оқушы жолдама алған болатын. Бұл оқу шара-

сына оқушыларды Маржан Асылханқызы бастап барды. Сол Көкшетау өңірінде өткен 20 күнде Баян өзінің жан-жақты білімді, өнепаз оқушы екендігін таныта білді. Баян Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы ұйымдастырған «Елжанды патриот» патриоттық тәрбие беру байқауына қатысып, арнайы сертификат иеленіп, төсбелгімен марапатталды. Арнайы марапатты аудандық білім бөлімінің кәсіподақ комитетінің төрағасы Манас Қасымов Баян Абайқызына табыс етті. Айта кетуіміз керек сол оқу-сауықтыру орталығында өткен шарада бұл марапатты біздің Баян қызымыз ғана иеленді.

Облыс намысын қорғап үлкен марапат иеленіп қайтқан талантты қызымызға бұдан да биіктерге қол жеткізе бер дейміз.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Біздің көзіқарақты оқырмандарымыз да біледі, биылдан бастап елімізде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау, ел тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешіп, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған жоба жұмысын бастаған болатын. Сол «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы бүгінде еліміздің облыс, аудан және ауылдарында жүзеге асып жатыр. Негізінде, «Ауыл аманаты» жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 26 қарашасындағы №1 «ҚР ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы негізінде бастау алған болатын. Міне осы ретте, өткен 2022 жылы жалпы ел халқының 40 пайызын құрайтын ауыл азаматтарының тұрмысын



Халқына жолдауында алдағы үш жылдың ішінде үлкен экономикалық серпіліс жасауымыз керек дегенін. Бұл ретте, бұрынғыдай тек шикізат өндіретін ғана ел болудан гөрі, сол өндірілген шикізатты өңдейтін өнеркәсіпті көбейтуіміз қажет. Сондай-ақ, дамыған АҚШ секілді елдердің тәжірибесіндегідей, ауыл шаруашылығы саласын да дамытуымыз және алдағы жылдарда ауыл шаруашылығы өнімдері жалпы ішкі өнімнің 70 пайызын құрауы тиіс дегенін келтірген едім. Оған біздің ауданымыздың әлеуетінің жететініне де бірнеше дәлелдер мен дәйектер келтірген болатымын. Міне, мына «Ауыл аманаты» бағдарламасының да осы бағытта маңызы зор. Олай дейінім, бұл жоба жоғарыда келтіргеніміздей бір емес, бірнеше бағыттарды (1 бағыт – өсімдік шаруашылығы, 2 бағыт – мал шаруашылығы, 3 бағыт – құс шаруашылығы,

«Ауыл аманаты» жобасы ауданымызда қалай жүріп жатыр?

түзейтін жаңа бағдарламаны жер-жерде кеңінен насихаттау, түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізілді. «Аманат» партиясы жанынан да арнайы құрылған мобильді топтар барлық өңірлерді аралап шықты. Елді мекендердің 250 мыңнан астам тұрғынына «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен таныстырды. Тіпті, еліміздің шалғай ауылдарының тұрғындары да қамтылды. Әбден бапталған бағдарламаның басты шарттарымен тыңғылықты таныстыру нәтижелі болғаны сондай, жоба аясында ауыл тұрғындары өз кәсіптерін ашуға немесе бұрыннан келе жатқан кәсібін

Бақиярхлының мәлімдеуінше: Биылдан бастап Республика бойынша іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын жеңілдетілген несиелер біздің ауданымызда да берілуде екен. Аталған жобаға Созақ ауданынан Шолаққорған, Созақ, Жартытөбе және Құмкент ауылдық округтерінің тұрғындары қатысуда. Ал енді, бұл жобаның 6 бағыты бар көрінеді: 1 бағыт – өсімдік шаруашылығы, 2 бағыт – мал шаруашылығы, 3 бағыт – құс шаруашылығы, 4 бағыт – балық шаруашылығы, 5 бағыт – ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін жабдықтау, 6 бағыт – өз кәсібін ашу. Қазіргі таңда пилоттық жобаға 281 азамат құжат өткізіп, оның ішінде 213 азаматтың құжаты 1 млрд. 182 млн 710 мың теңгеге мақұлданып, 192 азаматқа 1 млрд 49 млн 410 мың теңгеге жеңілдетілген несиелер

беріліпті. Тағы да атаулы әлеуметтік көмек алушы 8 азамат 35 млн 850 мың теңгеге несиелер алып, өз кәсібін ашуға мүмкіндік алды. Ал енді, осы жоғарыда көрсетілген сандардың барлығын тарқатып айтар болсақ: Ауыл шаруашылығы техникаларын алу үшін Созақ ауылдық округінен «Жаңа Қазақ Елі» АШӨК төрағасы 26 млн теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892, 2 жүк тиегіш (погрузчик) Long King LG 833 МК сатып алды. Ал, Жартытөбе ауылдық округінен «Сембек ата» АШӨК төрағасы 20 млн 250 мың теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892.2, трактор тіркелетін жүк көтергіш құралы, топырақ майдалайтын құрылғы, соқа сатып алған. Сондай-ақ, Шолаққорған ауылдық округінен «Созақ Агро Өнімдері» АШӨК төрағасы 27 млн 600 мың теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892,2; жаңбырлатып суару машинасы 30 метрлік, дизельді насос станциясы, прес подборщик, дәрі шашатын құрылғы, соқа сатып алды. Ал, Құмкент ауылдық округінен «Рауан» АШӨК төрағасына 15 млн теңге несиелер мақұлданды. Қазіргі таңда қосымша құжаттар дайындауда. Жалпы, бағдарламаның 4-ші бағыты – балық шаруашылығы бойынша 3 азамат 25 млн 600 мың теңге несиелер алыпты. Ал енді, бағдарламаның 6-шы бағыты – өз кәсібін ашу бойынша 4 жоба 29 млн 600 мың теңге несиелер қамтылды. Бұл ретте, Құмкент ауылының тұрғыны Кенжебаев Бақытхан 7,3 млн теңге несиелер

алып, жүн менен мақта түтетін, көрпе-көрпеше мен жастық және қыз жасауын тігетін құрылғы сатып алды. Қазіргі таңда кәсібін жүргізуде және ауыл тұрғындары да қолдарында бар жүн менен мақталарын өткізуде. Сондай-ақ, Созақ ауылдық округінен Капапина Жамила да мақта, жүн өңдеу цехын ашып, көрпе-төсек тігуде екен. Жалпы, бұл жоба бытырғы 2022 жылы Жамбыл облысында пилоттық негізде жұмыс істеп бастаған еді. Міне, осы жоба жайында «Аманат» партиясының алқалы жиынында төраға Ерлан Қошанов: «Бұл ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға, проблемаларын жедел шешуге, ауылдарды көтеруге мүмкіндік беретін нақты қадам. Жобаны пилоттық бағытта іске қосу қорытындысы бойынша Жамбыл облысының 11 ауылдық округінде ауылдардағы орташа айлық табыс 1,7 есе өсті. Ал, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 3 есе азайды. Жұмыссыздық деңгейі 36 пайызға төмендеді. Үкімет пен «Аманат» партиясының міндеті – «ауыл аманаты» жобасын бүкіл елге масштабтау. Жобаның барлық артықшылықтары туралы халықты дұрыс ақпараттандыру аса маңызды» деген болатын. Әрине, бұл жерде «Аманат» партиясының төрағасы Жамбыл облысындағы жергілікті билік өкілдерінің мәліметіне сүйеніп сөйлеп отырған болар. Бәлкім, партиялық бақылаудың нәтижесіне сүйеніп айтып отырған болуы да бек мүмкін. Дегенмен, есімізді шығарған Ескі Қазақстан билігінің 30 жылдан астам уақыт осындай жалған статистикалары нәтижесінде барысы боламыз деп бексен дамыған 30 елдің әлі күнге шағын қауып келе жатқанымызды да естен шығармауымыз қажет. Осы тұрғыдан алғанда еліміздің қара шаңырағы ауылдарымыздың әл-ауқатын арттырады деген бағдарламаның жүйелі жүзеге асуын қоғам болып қадағалауымыз қажет. Әйтпесе, ел қазынасынан 1 трлн қаржы қаралып, жыл сайын миллиардтаған теңге жұмсалатын жобаның соңында ауыл халқының тұрмысының түзелмей қалу қауіпін де жоққа шығаруға болмайды. Жоғарыда айтқанымыздай, бұған ширек ғасырдан астам уақыт үстемдік еткен Ескі Қазақстан қоғамының қайғылы Қаңтар оқиғасына дейінгі аяншыты ахуалы дәлел бола алады. Ендеше, сынық тақтайды қайта басу немесе баспау сіз бенен біздің қолымыздағы дүние. Қателіктен сабақ алу да өз кезегінде жақсы нәтижеге қол жеткізудің бір жолы. Жалпы, мен жуырда ғана жолдауға қолдау ретінде ауданымыздың ауыл шаруашылығы жайлы мақала жазған болатынымын. Сол мақалада Президенттің үстіміздегі жылдың 1 қыркүйек күнгі Қазақстан



кеңейтуге қажетті түрлі ақпараттарға мейлінше қанықты. Жалпы, бұл бағдарлама елімізде 7 жылда жүзеге асады деп жоспарлануда және бұл үшін Мемлекет қазынасынан 1 трлн қаражат қаралатын болды. Әрине, бағдарламаның жүзеге асатын уақыты 7 жылға созылатын болған соң бұл қаражат жыл сайын, кезек-кезеңімен бөлінетін боп шешілді. Міне, осы тұрғыда 2023 жылға 100 млрд қаржы қаралған болатын. Жалпы еліміз бойынша 11 мың адамның қамтып, 12 мың жұмыс орнының ашылуына сеп болатын бұл бағдарлама бойынша біздің Түркістан облысына бөлінген қаржы 19 млрд қаржыны құрайтын көрінеді. Енді осы бағытта біздің ауданымызда нендей жұмыстар атқарылып жатқанын білу үшін аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне хабарласып, мәлімет сұраған едік. Мақсатымыз, Мемлекет басшысының өзі мұрындық боп отырған ауыл халқының әлеуетін арттыруы тиіс бағдарламаға ауданымыздың кәсіпкер әрі шаруа азаматтарының қаншалықты қатысып жатқандығына хабар алып, халқымызды да хабардар ету еді. Алайда, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірмановтың іссапармен аудандық делегацияның құрамында Қытайға кетуіне байланысты кеңінен сұхбат жасаудың сәті түспеді. Сол себепті де аталмыш бөлімнің бас маманы Аленов Бердияр Бақтиярхлына жолығып, әңгімелесуге тура келді. Бердияр

беріліпті. Тағы да атаулы әлеуметтік көмек алушы 8 азамат 35 млн 850 мың теңгеге несиелер алып, өз кәсібін ашуға мүмкіндік алды. Ал енді, осы жоғарыда көрсетілген сандардың барлығын тарқатып айтар болсақ: Ауыл шаруашылығы техникаларын алу үшін Созақ ауылдық округінен «Жаңа Қазақ Елі» АШӨК төрағасы 26 млн теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892, 2 жүк тиегіш (погрузчик) Long King LG 833 МК сатып алды. Ал, Жартытөбе ауылдық округінен «Сембек ата» АШӨК төрағасы 20 млн 250 мың теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892.2, трактор тіркелетін жүк көтергіш құралы, топырақ майдалайтын құрылғы, соқа сатып алған. Сондай-ақ, Шолаққорған ауылдық округінен «Созақ Агро Өнімдері» АШӨК төрағасы 27 млн 600 мың теңгеге доңғалақты трактор Беларус 892,2; жаңбырлатып суару машинасы 30 метрлік, дизельді насос станциясы, прес подборщик, дәрі шашатын құрылғы, соқа сатып алды. Ал, Құмкент ауылдық округінен «Рауан» АШӨК төрағасына 15 млн теңге несиелер мақұлданды. Қазіргі таңда қосымша құжаттар дайындауда. Жалпы, бағдарламаның 4-ші бағыты – балық шаруашылығы бойынша 3 азамат 25 млн 600 мың теңге несиелер алыпты. Ал енді, бағдарламаның 6-шы бағыты – өз кәсібін ашу бойынша 4 жоба 29 млн 600 мың теңге несиелер қамтылды. Бұл ретте, Құмкент ауылының тұрғыны Кенжебаев Бақытхан 7,3 млн теңге несиелер



бірінші кезекте «Ауыл аманаты» жобасын ауданымызда, ауылдарымызда кеңінен насихаттауды жалғастыра беруіміз қажет. Екінші кезекте жергілікті билік тарапынан осы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында мемлекеттің жәрдемі аламын, өз кәсібімді дамытамын деген әрбір азаматқа заң аясында, сапалы қызмет көрсетуі керек. Үшіншіден, жоба аясында қаржы қол жеткізген кәсіпкер азаматтардың бизнес жоспарына адал болып, шаруашылықтарын қоғам боп қадағалауымыз қажеттігін тағы да айтамын. Сөз соңында, бұл «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы жазған мақаламызды әуелгісі де, ақырғысы да емес екенін айта кеткім келіп отыр. Бұйырса, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы іссапардан келген соң, осы пилоттық жобаға қатысушы Шолаққорған, Созақ, Жартытөбе мен Құмкент ауылдарына арнайы барып, игерілген қаржы менен атқарылып жатқан жұмыстар жайында жазуды жоспарлап отырмыз!

Ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесінде

Ақ пен қараның, жақсы мен жаманның алмасуымен қатар, ақпарат ағынының тасқындаған ғасырында ұлтты және ұлттық құндылықтарды, ең бастысы, жас ұрпақты тәрбиелі де саналы азамат ретінде сақтап қалу өте күрделі мәселе болып отырғаны белгілі. Қазіргі таңда шын мәнінде қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайларға, орын алып жатқан орны толмас қайғы-қасіреттерге қарап еріксіз осылай демеске амалымыз жоқ.

лындар», – деген болатын. Баланы жастайынан білімді, зерек етіп өсірудің маңызы зор. Қарап отырсақ, қазақтың нар тұлғаларының қай-қайсысы да бала кезінен зеректігі, білімділігі, шешендігімен көзге түскен. Бабаларымыз бұрыннан Құдайдан қорқатын перзент тәрбиелеп, балаға ең алдымен имандылық тәрбиесін сіңіруді көздеген. Себебі Алланы таныған, Құдайдан қорқатын перзент ешуақытта ата-анасына қарсы келмейді, қоғамға кері әсерін тигізбейді.



Мәселен, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан Қарқаралыдағы бастауыш мектепте оқып жүргенде мектепке атақты генерал-губернатор Колпаковский келеді. Генерал-губернатор мектепте оқып жатқан қазақ балаларына сын көзбен қарап, олардың білімін тексеріп көрмек болады. Сөйтіп оқушыларға жымбақ жасырады.

«Мен Омбыдан мына пәуескемен келдім, – деп балаларға өзі мініп келген пәуескесін көрсетеді. – Омбыдан Қарқаралыға жеткенше осы пәуескенің дөңгелегі қанша рет айналды? Жауабын кім біледі?» – дейді Колпаковский балаларға менсінбей қарап. Сол кезде топ ішінен бір бала жүгіріп шығып белдігін суырып алады да, пәуескенің дөңгелегін өлшейді. Сосын қолына таяқ алып жерге сызып, дөңгелектің қанша рет айналғанын көп алдында шығарып береді. Генерал-губернатор қазақ баласының зеректігіне әрі батылдығына таңғалып, мектепті бітірген соң Омбыда оқуға ұсыныс білдіріп, губернатордың стипендиясын тағайындайды. Осылайша кейін Әлихан Омбы техникалық училищесін үздік бітірген болатын.

Осындай оқиға ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да басынан өтті. Негізінде ол кісінің азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп болатын. Сегіз жастан асқан шағында ол топ алдында қазақтың «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» секілді жыр-дастандарын жатқа толғайды. Баланың өнеріне тәнті болған Мұса Шорманұлы жиылған қауым алдында: «Бұл баланың аты – Мәшһүр болсын» деп бөрінің басына үкі тақтырады. Осылайша ел оны «Мәшһүр Жүсіп» атап кеткен болатын.

Ел арасында осындай мысалдар жетіп артылады. Мұның бәрі нені білдіреді? Балаға жастайынан берілген тәрбиенің, білімнің жемісі. Біз «Әке баласына жақсы тәрбиеден артық мирас қалдыра алмайды» деген Пайғамбар (с.а.с) сөзін көкейіне мықтап түйген, «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген ұстанымға мықтап бекінген халықпыз.

Хазіреті Әли (р.а): «Балаларға ғылым-білім үйретіп, әдепке бау-

Керісінше зерек, алғыр болып өсіп, ата-анасын екі дүние жақсылығымен қуантып, хәкім Абай айтқандай, «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан», – деп қоғамда орны бар өз ісінің маманы екенін дәлелдейді.

Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы», – дейді Әл-Фараби. Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле», – деген екен Платон. Бұрынғы ата-бабаларымыздың заманындағы білім саласы төмен болған дейміз. Десек те ұрпақ тәрбиесіне келгенде оларды көреген, тәжірибелі десек қателеспейміз.

Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі. Басты ұстаным балалардың ең алдымен өз халқын, өз Отанын сүйуден басталуын бойларына сіңіру. Осы орайда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлды ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең құл болады» деген сөздері де тәрбиенің көз жұма қарайтын нәрсе емес екенін аңғартып тұр емес пе? Сондықтан да қай кезде де ұрпақ тәрбиесі бірінші орында тұрады.


Сөзімізді түйіндей келе жастарды жан-жақты білімді, парасатты, мәдениетті етіп тәрбиелеу – алдыңғы буынның қоғам алдындағы борышы. Ал, жастар тәрбиесінде халықтық салт-дәстүрлердің алар орны ерекше.

Халқымыз рухани мол байлықтың мұрагері десек, сол мол мұраны келер ұрпаққа жеткізіп отыру – тәрбиенің бастауы іспетті. Тәуелсіз елдің болашақ ұстауы тәрбиелеуде, олардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіруде еңбек ету баршамыздың парызымыз.

ДАМАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Қазақ даласы қай заманда болмасын ақын, жыршы, жырау, абыз ақсақал мен көреген қариядан кенде болмапты. VII ғасырда ислам діні Орта Азияға келген болса одан алдын билік құрған түркі қағандары өз алдына бір төбе. Дін исламның Орта Азияға келуімен ислам діні жаңаша кейіпке еніп түрленді. Сол себепті болар ислам ғалымдары арасында Құран Меккеде түсті, Стамбулда басылды, Мауереннахрда түсіндірілді деген сөз қалғаны.

Дін деген терминнің анықтамасы өте көп. Бірақ дін сөзінің анықтамасын бір сөзбен айтқанда Құдайға деген сенім. Дегенмен қазіргі күнде дін десе болды отыра қалып уағыз тыңдау мен бес уақыт намаз оқып одан арысы ораза ұстап Меккеге қажылыққа барып қайтса болды одан мықты, одан иманды



Шәкәрім қажының дін туралы ой толғамдары

мұсылман жоқ секілді сезінетіндей болып жүргендер бар. Осыларды жасап шықса болды Құдай жұмағын дайындап қойғандай болып тұрады. Бұл айтылғандардың барлығы діннің сыртқы формасы. Яғни қандай да бір адамның сыртына қарап мұсылман екендігін танытады.

Ал діннің ішкі көрінісі адамның моральдық, рухани бай болуын айтамыз. Қазіргі күнде адамдардың бойынан тек сыртқы көріністері ғана көрініп ішкі мазмұн қалып бара жатқандай. Намаз оқиды бірақ, адамдарды алдауда алдына жан салмайды, ораза ұстайды бірақ ұрлық жасайды, қажы болады бірақ аярылқыпен, қулықпен халықтың ақшасын тартып алуда. Бұл дегеніміз қасиетті ислам дінінің атына кір келтіру. Сонда қайтпек керек? Әрбір адамның бойында – мейірімділік, арлылық, адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, мәрттік, жомарттық, ұят, отансүйгіштік, жауапкершілік, адамдарға деген бауырмалдық, ата-анаға деген құрмет, үлкен мен кішіні бірдей сыйлау секілді адамгершілік қасиеттер бойымыздан табылса онда біздің иманды болғанымыз деп дін сөзін түйіндеуге болады. Өйткені мұның барлығы діннің талабы. Сол үшін де Абай Хәкім:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Өінталы жүрек шын, көңіл
Өзгесі хаққа жол емес, деп бір ғана ауыз сөзбен жеткізгені. Ал бүгінгі мақалаға арқау болған Шәкәрім қажы болса:

Хақ мұсылман кім болар,
Айтқан сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап,
Төртеуі болса дін болар, деп мұсылманның сипатын түсіндірді. Ел аузында «Хақтың разылығы халықтың ішінде» деген даналық сөз бар. Қандай да бір адамның дініне, тіліне, түр сипатына қарамастан қол ұшын созып, көмек беруде діннің негізгі талабы десек болады. Ал Шәкәрім қажы:

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл,.....
Қайтадан қайырылып, қауымға келмейсің.
Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің,

Фибрат алар артыңа із қалдырсаң.

Шын бақыт осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің, дегені жоғарыдағы ойымызды нықтағандай. Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с) бастап дамыған «кәміл адам» түсінігін уақыт өте келе әрбір көкірек көзі ашылған ғұлама түрлендіре келе негізгі ойдан ауытқымай өз халінше дамытты. Мәселен Жүсіп Баласағұн жауанмәрттілік, құт ілімі десе, Иасауише хал ілімі, Абай жүрек ілімі деген. Ал Шәкәрім қажы «ар ілімі» деп атады.

Ар ілімі – текқана өз тағдырымның алдында жауаптымын демей, барлық адамзаттың тағдырының алдында жауаптымын деп өмір сүруге шақырады. Адамзатқа ортақ бір-бірін қор қылмауға, адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүруге үндейді. Әрбір адам адамзатқа ортақ мүддені қорғауға, «адам» деген ұлы ұғымды қор етпеуге шақырады. Шәкәрім қажы – ұят мәселесін бірінші орынға қояды. Егер адам адамшылығын жоғалтса, оның өлгенімен бірдей. Барлық жазадан ар-ұят жазасы ауыр. Біреуді алдап өтірік айтуға болғанмен, адам өз-өзін алдап, өз ұжданының алдында орынсыз іске аяқ баса алмайды. Сол себепті қажының өлең жолдарының көп жерінде «ар-ұят, рахым, ынсап» сөздері кездеседі және имандылықтың өлшемі ретінде осы қасиеттерді қарастырған. Қорыта келгенде «Ар» адамның өз соты. Өзін-өзі жауапқа алып, таразыға тартқаны. Ынсапты, рахымды болу рухани тұрғыда жетілген мұсылманның сипаты. Ал ондай адам көңілі тоқ, мерейі үстем болмақ. Рухани жетілгісі келген адам Шәкәрім қажыны оқу және түсіну арқылы мақсатына жетпек.

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,

Ол айла қиянатсыз ой тазасы,
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,

Таза жүрек, тату дос сол шарасы, – дейді.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Жасыл ел

Ормандағы өртке жол бермейік!

Жер ана – табиғаттың байлығы баршамызға ортақ. Өйткені тау мен тас, өзен-көл, шүйгін шабындық, ну орман, алуан өсімдікті дала алқабы тіршіліктің көзі болып табылады. Ата-бабамыз қоныс еткен осынау киелі даланы көздің қарашығындай сақтау – әрбір саналы азаматтың борышы деп білеміз.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе біресе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан қурап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

Роман ЕРНАЗАРОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің ОӘСС меңгерушісі.

Еліміз – орман-тоғайы аз мемлекеттер қатарына жатады. Деректерге сүйенетін болсақ, орман еліміз аумағының 4 пайыздан сәл ғана астам жерін алып жатыр. Дегенмен, соған қарамастан, еліміздің қай өңірін болсын жасыл желекке бөлеп, орман алқаптарын кеңейту – мемлекетіміз басымдық беріп отырған бағыттардың бірі. Ал ондағы өсімдіктер мен орманды, аңдарды қорғау әрбір Қазақстан Республикасы азаматының міндеті.

Жалпы, орманды жерлердегі өрт қаупі сәуір қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің қурауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын-алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Табиғатты қорғаңыздар. Туған жердің табиғатына салақтық танытып, немқұрайлықпен қарағандар орны толмас шығын әкеледі. Бұл туралы білеміз, бірақ әркімнің көңілінде сақтала бермейді. Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Ержан АСҚАРОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болшағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп - өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

А.ГАНИЕВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің аға орманшының көмекшісі.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың желтоқсан айының 20 жылдығында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Қоғам дертімен күресейік!

Жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басым-

дықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-

әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бет-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Біржан АЛШЫНБЕКОВ,
Созақ ауданының статистика басқармасының жетекші маманы.

Жемқорлықтың алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бет-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмыстарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақы-

лау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

М.ӘШІРЕПИЕВ,

Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баянды болашақтың кепілі

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа байланысты орын алатын құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданған.

Заңның 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті және мемлекеттік органдардың, ұйым-

дардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар үлкен мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметшілер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамның өкіметке, билікке деген сенімсіздік туғырады. Өкінішке орай, жең-

ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіреді.

Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсезімді тік көтеріп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет.

Бағлан НҰРЛАНҰЛЫ,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Есепке алу, талдау және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маман-заңгері.

Эхинококкоз ауруының алдын алайық

Эхинококкоз – паразитарлық ауру. Қоздырғыштары – таспалы гельминттер. Ол адам үшін де өте қауіпті ауру. Адам абайсызда жеміс-жидек, өсімдіктер, су, тағамдармен құрттың жұмыртқасын жұтып қойғанда ауруға шалдығады.

Ауру қоздырғышы негізінен иттен, шибөрі, түлкіден тарайды. Итке ауырып өлген малдың өлекесін не ішек-қарын қалдықтарын жегенде жұғады. Адам ішегіне түскен эхинококкоз жұмыртқасы қан тамырына өтіп, одан қан арқылы бауырды, өкпені, тағы басқа ішкі органдарды зақымдайды. Құрт өте жай өсетіндігі салдарынан сырқат белгілері біртіндеп білінеді, ауру бірнеше жылға созылады. Негізінен адам мен ауыл шаруашылығы жануарлары үшін инфекция көзі қоздырғыштың микроскопиялық жұмыртқаларын сыртқы ортаға бөлетін жұқпалы иттер болып табылады. Жұмыртқалар иттің жүнінде, олардың нәжісінде, жерде немесе шөптерде, (ит жатқан жерде), ашық су қоймаларында (иттің нәжісі түсуі мүмкін) болуы мүмкін.

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы паразиттерді жұқтырып алмас үшін бірнеше ережелерді сақтауға кеңес береді.

Олар:

қарапайым жеке бас гигиенасын сақтау; көшеден келгеннен кейін тамақтанар алдында, жануарлармен жанасқаннан кейін қолды сабындап жуу;

қаңғыбас иттерге жақындамау, үй жануарлары бар болса жүйелі түрде ветеринариялық клиникаға тексеріп отыру.

Міндетті түрде жануарды дегельминтизациялаудан өткізіп отыру, аурудың белгілері байқалған болса, дәрігер көмегіне жүгіну.

Қарапайым алдын алу шараларын сақтау - денсаулықты сақтауға және ауруды болдырмауға көмектеседі. Өмірдің негізі – денсаулық, денсаулық негізі – тазалық екенін әрқашан жадыңызда ұстаған абзал.

М.ӘШІРЕПИЕВ,

Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Заманының заңғар тұлғасы

Ақын, ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлының туғанына биыл 220 жыл толып отыр. Махамбет Өтемісұлы өзінің қайраткерлігімен бірге, отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы- теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді.

Махамбет Өтемісұлы- қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында, ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, елі жері үшін жаны құрбан болған батыр. Махамбет ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңіру біздің яғни, кітапхана қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі. Махамбет Өтемісұлы-қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Оны Қазақ хандығының соңғы жырауы деп таңуға болады. Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан, Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан- төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

Олай болса ұрпағының болашағы үшін күрескен, қазақ халқының бостандығы жолында өмірлерін құрбан еткен батыр бабаларымызды әрқашан мақтан тұтып жадымызда мәңгілік сақтауымыз керек.

Г.ШЕРИМКУЛОВА.



Ұлылықтың басында ұстаз тұрар

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, адамның бақыты балада деген екен. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Адам ұрпағымен мың жасайды деген сөз тегін айтылмаған.

Адам өмірінің мәні-өз ұрпағы, шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында қырсыры мол қоғамдық міндет тұрады. Ол-бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз ата-ана. Бала үшін үй ішінен ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жанұяда балаға адамгершілікті, бауырмалдықты, әдептілікті, татулықты, қайырымды болуды қасиетті сөздерді балаға айтып отыру керек.

Иә, әжелер-даналықтың бұлағы. Әжелеріміз ертегі-аңыздарын, жыр-дастандарын айтып, немере-шеберелерін рухани жағынан суындатса, аталарымыз ақ батасын беріп, өсиет-насихаттарын айтып отырған. Қай бала да әжесінің әлдігі мен ертегісін, ұлағатты сөздерін ести келе жақсы азамат болып өседі. Әйткенмен, бүгінгі таңда немерелеріне ертегі айта-тын әжелер азайып кеткеніне алаңдаймыз. Бұл тұрғыда Гүлнар әжемездің немерелеріне өз ертегісі мен даналық сөздерін күнделікті бала бойына сіңіруде, жақсы қасиеттерді дарытуда жалыққан емес. Қазақтың салт-дәстүрлерін ұрпаққа насихаттау мен үйрету менің парызым деп санайды. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі, сондықтан қазақ өз баласын тәртіпті, кішіпейіл, білімді, шебер, еңбекқор келешекте үлгілі отбасы иесі болғанын қалап тәрбиелеген. Балаларымызды Отансүйгіштікке ата-баба салт-дәстүрін құрметтеуге үйрету, тәрбиелеу, баршаға бірдей

міндет деп санайды Гүлнар апа.

Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері 40 жылға жуық еңбек жолын ұстаздыққа арнаған Әлиева Гүлнар Әжібайқызы жайында болмақ. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» деген халық даналығында. Расында ұстаз тәлімін алмаған жан жоқ шығар, сірә! Білімді ұрпақ, болашақтың кепілі десек сол ұрпақтың бойына білім нәрін сіңіретін ұстаздар қашанда құрметке лайық. Сондықтан сана-

сында 6 баласы бар. Қазіргі таңда ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытта ана. Ұл-қыздарының барлығы жоғарғы оқу орнын бітіріп, өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді. Бүгінде Гүлнар апаның 20 немересі бар. 1978 жылдан бастап 39 жыл бойы «Қарағұр» жалпы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс жасап, зейнетке шыққан.

Мектеп қабырғасындағы ұстаздарына қарап бой түзеген Гүлнар апамыз жас кезінен-ақ мұғалім болуды мұрат еткен екен. Содан жоғарғы оқу орынын тәмамдайды. Қыз жат жұрттық демей ме, дипломды қолына алған жылы көңіл жарастырып жүрген

Күн ұзақ мектепте болған соң бұл тірліктің бәрі түнге қалады. Кей жылдары алты айлап жалақысыз жұмыс жасадық. Қызығы мен қиындығы мол жылдар зырғып өте шықты. Шыдамдылық пен төзім бәрін жеңеді екен. Тәубе, сол ауыр бейнеттің зейнетін көріп отырмын, – дейді ардагер ұстаз.

Гүлнар Әжібайқызы – жемісті ұстаз. Шәкірт тәрбиесін бәрінен жоғары қойды. Тәлімді шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде өз саласының мақтаулылары. Қызмет еткен жылдары аудандық, облыстық білім бөлімінің, облыстық кәсіподақ комитетінің мадақтамасымен марапатталды. 40 жылға жуық білім

Бегімхан Тәжібаев есімді азаматқа тұрмысқа шығып, отау құрады. Осылайша Гүлнар апа «Қарағұр» жалпы орта мектебінен ұстаздық жолын бастаған. Ұстаздық жолы осылай өрілген Гүлнар апа әңгімесін әрідем бастады.

– Ұстаз бойында балаға деген сүйіспеншілік болу керек. Сонда ғана ол жақсы ұстаз бола алады. Балаға бірінші кезекте тәрбие беру маңызды, тәрбиесіз берген білім ешуақытта жемісті болмай-

беру саласында қызмет еткен ардагер ұстаз әлі де еңбектен қол үзбеген, немерелерінің сабағына баскөз болып, олар оқитын мектеппен тығыз байланыста.

Бүгінде ардагер ұстаз немере сүйіп отырған ардақты әже. Бастысы мұсылмандық парызын қаза етпей, ұрпағына имандылықтың айнасы бола білген ақылгөй қария деуге болады. Отағасы Тәжібаев Бегімхан 1959 жылы 12 шілдеде Энгельс совхозында дүниеге келген. 1976 жылы мектепті бітіріп, ауылда жұмыс істеді. 1977 жылы Отан қорғау үшін әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы парызын аюураймен атқарып келген. Одан сол совхозда шофёр болып жұмыс істеді. Соңғы жылдары «ҚазАтомПром» Сауранда жұмыс істеп, 2022 жылы 12 шілдеде зейнетке шықты. Сауранның 20 жылдығына орай «Даңқты» орденімен марапатталды. Бірнеше марапаттары бар.

Тағы да бір айта кететін жәйт, Гүлнар апамыз жуырда Республикалық «EL QURMETY» қоғамдық қорының шешімімен өз саласына қосқан үлесі үшін «Ұлағатты әже» медалімен марапатталды.

Халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақты ұстаз тәрбиелейді, болашақтың башысын да, данасын да, балымын да, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді» деген сөзі осындай өмірден өзінің мәртебелі орнын тауып, ел қажетіне жараған, болашақтың берік қалыптасуына сүбелі үлес қосқан Гүлнар Әжібайқызы сынды ұлағаты мол ұстаздарға лайық.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.



лы ғұмырын ұстаздық жолға арнаған сала ардагерлерін кейіпкер етуді жөн санадық. Бұл жолы біз 40 жыл талапкерге тәлім берген Гүлнар Әжібайқызының өмір жолы турасында қалам тарттық.

Әлиева Гүлнар Әжібайқызы – 1959 жылы 9 мамырда Кентау қаласында дүниеге келген. 8 жылдық мектепті «Өте жақсы» деген бағамен бітіріп, 1974 жылы «Түркістан педагогикалық училищесіне» оқуға түскен. 1978 жылы аталған оқу орынын бітіріп, Созақ ауданы «Энгельс» ауылына келін болып түседі. Отба-

ды. Шәкірт ұстазға қарап бой түзейді. Біз де оқушы болдық. Партада отырып, мұғалімнен дәріс алдық. Сол кездегі ұстаздардан алған білімім өміріме азық болды. Еңбек еткен жылдарда үздіксіз сынып жетекшілігі жүктемесін қоса алып жүрдім. Қазіргі уақыт пен біз еңбек еткен жылдарды салыстыруға болмас. Тәртіп қатал, уақыт шектеулі. Қазіргідей зырылдап жүріп тұрған көлік аз, тіпті жоқтың қасы. Жаяулатып екі мезгіл мектепке барып, сабақ өтеміз. Бума-бума дәптер тексеру, ертеңгі сабаққа дайындық.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Күрмаш КЕРІМҚУЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.